

2001 жылға арналған республикалық бюджет жобасының шығыстары мен оны несиелендірудің басымдықтарын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылға 30 мамыр N 814

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2000 жылғы 17 ақпандағы N 344 U000344_ Жарлығына және "Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 ақпандағы кеңейтілген мәжілісінде айтылған тапсырмаларын орындау жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 ақпандағы N 327 P000327_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылға арналған республикалық бюджет жобасының шығыстары мен

оны несиелендіруді қалыптастыру кезінде мынадай негізгі басымдықтар белгіленсін:

1) ұлттық қауіпсіздік:

мемлекеттік қарыз алу мен борышты басқарудың тетігін жетілдіре отырып, Қазақстан Республикасының үкіметтік борышқа қызмет көрсету және оны өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындау;

2001 жылға арналған жалпы ішкі өнімнің болжамды көлемінің кемінде бір пайызы көлемінде қорғаныстық шығыстарға қаражат бағыттау;

терроризмге қарсы күреске қаражат бағыттау;

нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күреске қаражат бағыттау;

2) әлеуметтік даму:

зейнетақылар мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуге қаражат бағыттау;

республикалық деңгейде орта білім беру жүйесін ақпараттандыруға қаражат бағыттау;

жалпы білім беру мекемелерінің оқушыларын оқулықтармен қамтамасыз ету;

мемлекеттік білім беру гранттарының және несиелендірудің негізінде жоғары оқу орындарында кадрлар даярлауға қаражат бағыттау;

диабетке қарсы, туберкулезге қарсы дәрі-дәрмектерді, иммундық алдын алуды жүргізуге арналған және "В" вирусті гепатитіне қарсы вакциналарды орталықтандырылған сатып алуды жүзеге асыру;

ана мен баланы қорғау, халыққа алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету жөніндегі іс-шараларға қаражат бағыттау;
3) экономикалық өрлеу:

оларды кепілдікті және заңнамада көзделген басқа да қамтамасыз ету шартымен беру тетігін құра және жетілдіре отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерін орындау;

республикалық бюджеттің өткен қаржы жылдарының қорытындылары бойынша пайда болған кредиторлық берешегін өтеуге қаражат бағыттау;

оларды іріктеудің нақты өлшемдері мен рәсімдерін сақтай отырып, "Қазақстан Республикасының 1999-2001 жылдарға арналған Мемлекеттік инвестицияларының бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 маусымдағы N 772 P990772_ қаулысына сәйкес инвестициялық жобаларға қаражат бағыттау;

өсімдіктерді жаппай зиянкестер мен аурулардан, жануарларды аса қауіпті және жұқпалы аурулардан қорғауға қаражат бағыттау;

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін субсидиялау;

4) инфрақұрылым, көлік және байланыс:

автомобиль жолдарын салуға және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қаражат бағыттау;

Астана қаласының инфрақұрылымын дамытуға қаражат бағыттау;

5) кәсіби Үкімет:

орталық мемлекеттік органдардың әкімшілік шығыстарына қаражат бағыттау.

Ескерту. 1-тармақтың 4)-тармақшасы толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.07.18. N 1087 қаулысымен.

P001087_

2. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері 2001 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру кезінде жоғарыда көрсетілген басымдықтарды ескерсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Бағарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК